

«Қажымұқан ауылы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

1-4 сыныптардың тегін ыстық тамақ пен «Мектепке жол»акциясы туралы ақпарат .2025-2026 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2023 жылғы №56 бұйрығына сәйкес мектептің «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын орындау мақсатында Кеңес мүшелерінің жұмыстары атқарылуда.

Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығайтуына септесу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен және жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу. Ауылымызда қамқоршылықта 3 – бала тәрбиеленуде, оның ішінде жетім-1, патронаттық тәрбиеде-2 бала тәрбиеленуде.

Биылғы Жалпыға бірдей білім беру бойынша көпбалалы,осал топтағы,азқамтылған отбасылары тиісті құжаттарын тапсырып материалдық көмекке 57 оқушы өтті.

Қоғамдық жұмысқа белсене қатысқан және үздік оқушыларға «Сұңқар» лагеріне 10 оқушы және «Чайка» бурабай лагеріне көпбалалы мен азқамтылған отбасынан 14 оқушы барып демалып келді.

Мектепке жол акциясы бойынша ақпарат.

2025 жылдың тамыз айынан 30 қыркүйегіне дейін әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін аз қамтылған, көп балалы отбасылардан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың оқушыларына қажетті көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияға барлық ниет білдірушілер қатысты; еріктілер бизнесмендер, үкіметтік емес ұйымдар және басқалар. Аса мұқтаж отбасылардан шыққан оқушылар материалдық көмек алды.

«Ақниет» фондынан көпбалалы отбасына 2 сумка мен сабаққа керекті оқу құралдарын берді. «Даулеттен» фондынан фондынан 2 сумка берілді Жетім және қолайсыз отбасыларына

ауылымыздың мешіт имамы 8сумка құралдарымен және ауылдың әкімдігінен Әбенов Алпамыс Әбенұлының қолдауымен «ИП Лидер Транк» жол жөндеу директоры Кудрясова Светлана Олеговна мектебіміздің мүгедек оқушыға сумка мен оқу құралдарынмен толық қамтамасыз етті. «Дос» магазинінен 1 оқушыға әкесі қайтыс болған оқушыға демеушілік жасап мектепке керекті сумка мен толық оқу құралдарын әкеп берді.

Биылғы 2025-2026 оқу жылына 1-4 сыныптар 364оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады

Биылғы жылда 1-4 сыныптың оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету кезінде бір ерекшелік НОБД сайтына тіркеліп, ваучер арқылы QR-мен сканерлеп, тамақтанатын болады, мектеп асханасынан «ИП. Галиева» отбасының жағдайы төмен 15 оқушыны тегін тамақтандыратын болды.

Әлеуметтік педагогтер: Оспанова Г.Д. Калшаева Р.Р

